

## **Қарғалы ауданында 2018 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 167 қаулысы . Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қарғалы аудандық Әділет басқармасында 2018 жылдың 29 мамырда № 3-6-157 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының б) тармақшасына және 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстарды жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны:

елуден жүз адамға дейін –жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адамға - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 маусымдағы № 179 "Қарғалы ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5556 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 13 шілдеде электронды түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І. Тынымгереевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК